

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_ «Қуралай» балабақшасы

Топ: ересек

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.01 - 05.01.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Урустимова Динара

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу, кеңес беру. «Тұмаудың алдын алу жолдары».				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және			"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту,	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам,	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне ұқыпты қарау біліктері мен дағдыларын

басқалар)			ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	мұқият орындау. (еңбек дағдылары)	қалыптастыру; басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбектенуге тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек дағдылары)
			Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (сурет салу)	Үстел үсті ойыны "Лото". Жалғасын тап. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, байқампыздықты	Үстел үсті ойыны. «Көңілді құрылыс». Мақсат-міндеттер: үлгі бойынша геометриялық фигуралардан композиция құруға үйрету.

			Құрылыс ойыны "Зәулім ғимарат". Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (кұрастыру) «Қимылды қайтала» саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез- келген «фигураны» көрсетеді (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды	дамытады. (танымдық дағдылар) Дидактикалық ойын. «Сипаттамасы бойынша тап». Ойынның мақсат- міндеттер: ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал- жабдықтары: ойыншық жануарлар мен құстар. Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойыншылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа	Геометриялық фигуралар, негізгі түстер туралы білімді кеңейту. Көрнекі қабылдауын, назарын, ойлау қабілетін дамыту. (кұрастыру) "Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (сурет салу)
--	--	--	--	--	---

			тура солай қайталау керек. (дене шынықтыру)	ойыншылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады. (қоршаған ортамен танысу) «Үй құрылысының ретін көрсет». Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. Мазмұны: балаларға	
--	--	--	--	--	--

				үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді кұрастыруды ұсыну. (кұрастыру)	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (доппен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде. 1- допты екі қолдарымен жоғары көтереді, допқа қарап тыныс алу; 2- допты төмен түсіріп, тыныс шығару; 3- допты жоғары көтереді; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 8-10 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде. 1- оңға бұрылу, оң аяғының өкше тұсында жерге допты ұру және секірген допты ұстап алу; 2- бастапқы қалыпқа келу; 3-4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, доп жерде. 1-4- допты табанмен алға-артқа жібермей, домалату; 3-4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: отыру, аяқты алшақ қойып, допты жоғары ұстау.				

	1-3- иірім жасап, алға иілу, допты 3 рет аяғына ұру; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге. 1- тез жерге отырып, тізені алшақ ұстау және допты лақтыру; 2- тез тұрып, допты ұтып алу. Жаттығу 8 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, допты бір қолымен ұстау, допты екі қолымен кезек-кезек жерге ұру. Жаттығуды 8 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолымен допты ұстау. Тізені жоғары көтеріп, орнында тұрып, секіру. Жаттығу 4 рет қайталанады. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			Қыс ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Көңілді ойындар ойнап, аққала жасайық. (қоршаған ортамен	Қыс қызығы суретіне қарап, әңгіме, мәтін құрау. (қоршаған ортамен

			дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			Қысқы демалыс. Зерттеу іс әрекеті. «Ұлпа қар» Мақсат-міндеттер. Ауа райының ерекшеліктері туралы біледі. Алғашқы түскен қарларға бақылау жүргізеді. (қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын. «Аңшы мен қояндар» Мақсат-міндеттер: Қос аяқпен секіруге және оң қолмен сол қолды кезектеп допты лақтыра білуге үйрету. Кеңестікті бағдарлай білу дығдысын	Қысқы демалыс. Сөздік ойын. «Сиқырлы қалта» Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Қысқы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)

			қалыптастырады. (дене шынықтыру)		
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен			Мұзды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Дала аппақ, жапалақтап, Қар жауып тұр тынбастан. Қалың орман, қар жамылған, Маужырайды түнгі аспан. Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) Бақылау: ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау,	Бұлт пен тұманды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. Жұмбақта. Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты тамшысын. Қыраттарға шөлдеген. (бұлт) Аспан түйді қабағын,	Қар тазалайтын машинаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Ол бензинді сүтше ішеді, Тез арада сыпыра алады, Қарды жолдан тазартып, Жолдарға топырақ себеді. (Қар тазалаушы көлік) Мақал-мәтелдер. Еңбек түбі –береке. Көптің түбі –мереке. Бақылау: адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы

		балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру. Мұз бұл – қатты су құрамы екендігін түсіндіру; мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады. Мұз құрамы - тұнық, суық, қатты екендігін атау. Қимылды ойын. «Мұзды аулаға кіргіз». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру. Еңбек. Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру	Сұр пердесін керді де, Жапты жердің табанын. (тұман) Бақылау: қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басады; ақырын қар жауа бастайды. Байқампаздықты арттыру. Қимылды ойын. «Бірінші болу». (дене шынықтыру) Бір-бірін қуалау арқылы жүгіруді бекіту (көкпарға дейін жүгіріп, мәреге келу); ойын ережесін сақтау (киімнен ұстауға, итеруге, дөрекілікке рұқсат жоқ). Батырлыққа, күштілікке, икемділікке	қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады. Қимылды ойын. «Таяқпен сыпыру» (қалмақ халқының
--	--	--	--	---

			Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру). Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар: ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге, достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту)	тәрбиелеу. Еңбек: ойын үшін қардан жасалған құрылыс (ұшақ, қалашық, машина). (еңбек дағдылары) Біріккен іс-әрекет арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау; құрастыру қабілетін дамыту. Өз бетімен ойындар: ойынға керекті құралдармен жабдықтандыру үйрету; ойын барысында табиғи заттарды қолдануға үйрету.	Ұлттық ойыны). (дене шынықтыру) Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту (сырғанақ тебетін жерге, сырғанақ тебетін жерден соңына дейін). Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу. Еңбек. Түрлі түсті мұз айдынын жасау. (еңбек дағдылары) Судың қасиетін бекіту: ыдысқа су құйып бояу араластырып аязға қатыру; берілген тапсырманы өздері орындау (суды керек түске бояу, пішінін келтіру); бастаған істі соңына дейін жеткізу
--	--	--	---	--	---

					(жұмыс орнын жинау, столды сүртіп, жинау, ретке келтіру және т.б.). Өз бетімен ойындар: таңдалған тақырыпқа сай ойын барысында ойыншықтарды айырбастап, ойын көмегімен құрастырып, түрлілігін анықтай білуге үйрету.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы			Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы

			сөреге) қоюды үйренеді. «Дос іздеген бота» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Өнер» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	сөреге) қоюды үйренеді. Аудио тыңдау. Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркем сөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,			Дидактикалық ойын. «Артығын тап». Әрбір балаға карточкалар ұсынады.	Дидактикалық ойын: "Біреу және көп" Мақсат-міндеттер. Жиын сапасы бойынша әртүрлі	«Ұшады, ұшпайды, өседі, өспейді» театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттер: балалардың

кітаптарды қарау және басқалар)			Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарандашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық. Қар қыста ғана болады. (сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені. Мақсат-міндеттері. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-	заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру. Ойын шарты. Педагог балаларға суреттер таратады. Балалар суреттердің арасынан бір және көп заттар бейнеленген суреттерді табады. Педагог балалардың жұмыстарына талдау жүргізеді. (математика негіздері) Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет". Мақсат-міндеттері. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны	танымдық қабілетін дамыту. Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қаққандай қимылдарды жасайды; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады. (дене шынықтыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрылысы". Мақсат-міндеттер. Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-
--	--	--	---	---	---

		қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен бірге дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балаларға дүкен туралы суреттер мен бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататыны,	туралы мәлімет беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машинасының макеттері. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен	қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Шарты. Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін
--	--	---	---	--

			киімдердің маусымдық киім және сырт киім, ішкіім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктеліп, сатып алушының алдына әдемі күйінде ұсынылуы керектігі жайында айтылуы тиіс. Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтап,	әңгімелесулер, супермаркет жайында суреттерді, бейнежазбалар мен жарнамалар көрсетіп, супермаркетте кез келген тауарды табуға мүмкіндігі барын түсіндіреді. Супермаркеттің іші кең болатыны, тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында айтылуы тиіс. Супермаркетте сатушы емес, кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні,	анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді,
--	--	--	---	---	--

			сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтады, аларға тауарларды сатады. Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгіленген жерге киімдерін кигізіп жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, олардың сапасы	есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражат төлеу керектігін айтатыны туралы балалар білу керек. Балалар ойынға қатысатын кейіпкерлерді санамақ арқылы таңдайды, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді. Педагог диалогтарды, қатынастарды, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады,	тиянақтау сұрақтарын қояды. Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, құрастыру)
--	--	--	--	--	--

			сақталады, жылдам сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады. Ойын соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жылдам сатылады; супермаркет - қоғамдық орын болғандықтан, ол жерде де әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау қажет. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қазақ тілі)	
Балалармен жеке жұмыс			Көркем сөз жаттау "Қар".	«Суреттерді орналастыр».	«Табиғат жайлы әңгімелесу».

			Жауды міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Үстін жауып көлдердің, Бетін бүркеп белдердің. Жастық етіп тауды асқақ Жаңтайыпты жамбастап. Жаңтайыпты жамбастап. (Тіліген Шопаев) (көркем әдебиет)	Ойынның мақсат-міндеттері: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге орналастырады. (танымдық дағдылар)	Мақсат-міндеттер: балалардың дүние танымын, тіл байлығын дамыту. - Табиғат дегеніміз не? Табиғат – жер, тау, ағаш, су, орман, өсімдіктерден және жан-жануарлардан тұратын қоршаған орта. (қоршаған ортамен танысу)
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды				

	ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында қыс қызығы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)			«Отбасының денсаулық бағдарламасы».	Баяндама «Бала неге өтірік айтады?»	Кеңес «Тұмаудың алдын алу жолдары»

Тексерген Конопьянова А.К.

Жәңір